«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

# Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыстары

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «АСАНӘЛІ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»**

**МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

**030900 Ойыл селосы Кокжар көшесі №56 А. Телефон 2-14-97**

**E-mail Asanali_2011@inbox.ru**

**БҰЙРЫҚ №4**

20.08.2020 Ойыл селосы

**«Әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы»**

**БҰЙЫРАМЫН:**

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасында» Әдеп жөніндегі Кеңес жұмысын ұйымдастыру, педагогтардың, қызметкерлердің және тәрбиеленушілердің әдеп нормалары мен тәртіп қағидаларын сақтау мақсатында келесідей Кеңес құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.

**«Асанәлі» бөбекжай-бақшасының Әдеп жөніндегі Кеңес ережесі бекітілсін.**
**Әдеп жөніндегі Кеңес келесі құрамда бекітілсін:**

**Кеңес төрайымы: 1. С. Өткелбаева** -ардагер ұстаз

**Мүшелері:** **2. М. Жүндібаева**-Аудандық Білім бөлімінің әдіскері

**3. А. Мусин**-«Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының есеп және статистика секторының меңгерушісі

**4. Г. Измагамбетова**-аудандық кәсіподақ ұйымының төрайымы

**5. С.Киндикужина**-Ойыл қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі

**6. Б.Толепова** -ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау жөніндегі бас маманы.

**7.Г.Каплиева**-Аудандық балалар кітапханасының әдіскері

**Кеңес хатшысы:** Кабиева Айжан Құттымуратовна--«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» МКҚК психологы

Бөбекжай-бақша меңгерушісі: А. Бисебаева

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

# Педагогикалық әдеп кеңесінің

# жұмыс жоспары

Бекітемін:

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы

МКҚК меңгерушісі: А. Бисебаева

**Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары**

**2020-2021 оқу жылы**

| Р/с | Мазмұн | Мерзімі | Өткізу түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | **Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы .**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту<br>2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті<br>3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті | Тамыз<br>2020 жыл | Дөңгелек үстел |
| 2 | **Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы .**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.<br>2 Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика<br>3 Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті | Қараша<br>2020 | Дөңгелек үстел |
| 3 | **Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы .**<br>**Күн тәртібінде**<br>1.«Әдептілікті өзімізден бастайық» баяндама<br>Педагогтардың құқықтары<br>2. Педагтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары<br>3.Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету жіне сақтау<br>4. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау | Наурыз 2021 | Дөңгелек үстел |
| 4 | **Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы .**<br>**Күн тәртібінде**<br>1 Педагог бейнесі<br>2 Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары<br>3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары | Мамыр 2021 | Дөңгелек үстел |

## Хаттама №1.

20.08.2020ж.

Отар селосы

"Асаныш" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту;
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерінің орындау кезіндегі сыртқы келбеті;
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті;

Әдіскер отырыстың регламентімен таныстырды:

1. Мекеме меңгерушісі: А.К. Елисбаева:

Білім беру ұйымдарындағы әдеп кеңесі білім беру ұйымының алқалы басқару нысандарының бірі. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын баланың, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтей білу, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі болу керек. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, әдептілік танытуы керек. Білім беру мен тәрбиелеуде тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу мақсатында әдеп кеңесі құрылды. Алдағы уақытта

сіздердің жұмыстарыңызға үлкен жауапкер-шілік, адалдық, дұрыс мейірім тілейтін, Сіздерге үлкен сәттілік!

Осыған байланысты Әдеп жөніндегі кеңес жұмысын ұжымдастыру, педагогтардың, қызметкерлердің және тәрбиеленушілердің әдеп нормалары мен тәртіп қағидаларын сақтау мақсатында кімнідегі Кеңес құрамы мен жұмыс тоспары бекітілді.

Кеңес төрайымы: С. Өткелбаева - ардагер ұстаз

Мүшелері: М. Жұндібаева - Аудандық білім бөлімінің әдіскері

А. Мусин - "Нұр Отан" партиясы Ойыл аудандық филиалы кеп және статистика секторының меңгерушісі

Г. Измагамбетова - аудандық кәсіподақ ұйымының төрайымы.

С. Киндикужина - Ойыл қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі.

Б. Телепова - ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау жөніндегі басшысы

Г. Катиева - Аудандық балалар кітапханасы-ның әдіскері.

Кеңес хатшысы: А. Кабиева - "Асанәлі" бөбекжай-бақшасы" МККК психологы.

Кеңестің негізгі міндеті - педагогикалық этиканы қалыптастыру және сақтау, педагогтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу

С. Өткелбаева (кеңес төрайымы): Құрметті ұжым мүшелері, бүгінгі жиынға қатысушылар, күндеріңізге сәттілік тілеймін

„Педагогтың мәртебесі туралы" заң аясында „Әдеп кеңесі" құрылды. Бұл құрамды мекеме өкілеттілігі құрды, бекітті. Басшылық педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының пікірін негізгі алды деп ойлаймын. Әр қоғамның демократиялық сипатына сай әдептілік қағидалары болуға тиісті.

Бізде бұрын әдістемелік әдептілік деген дәстүр болған. Қазіргі таңда өкілеттілігі жаман емес. Бірақ педагогтардың арасында мәдениетті мен білімі әртүрлі адамдар бар. Сондықтан да олардың бәрінің бір деңгейде әдеп-ғұрпын қалыптастыру дұрыс деп ойлаймын. Ол туралы қазір менің әріптесім тоқталып өтеді.

М. Жүндібаева (мүшесі): Саламатпаудар ма әріптестер, педагогтар.

Педагогикалық әдеп қағидалары

Жалпы ережелері.

1. Осы педагогикалық әдеп қағидалары Қ.Р Конституциясының, „Білім туралы" заңының, Қ.Р. Еңбек кодексінің, „Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қ.Р заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сонымен бірге Қ.Р-ның жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.
2. Қағидалар білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.
3. Қағидаттар ережелеріне педагог

қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.
4. Педагогикалық әдеп қағидаларының мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін қолжетімді билікке бір орында орналастырылады.
5. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:
- адалдық;
- әділдік;
- өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
- жалпы адами құндылықтарды құрметтеу;
- кәсіби ынтымақтастық;
- үздіксіз кәсіби даму;
Педагог қызметкер өз қызметінде:
1. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына, этностардың құндылықтарына құрмет көрсетуге, қорлаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұлғада тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
2. Қ.Р педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді.
3. өзінің қызметтік міндетіне адал және сапалы орындайды;
4. өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;

5. еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;
6. білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
7. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;
8. қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
9. өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.
10. өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады;

Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:
1. жасына, тегіне, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройымен қадір-қасиетін құрметтейді;
2. білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қорлық және өзге де теріс фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;
3. өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан әділетсіздерге жол бермейді, оларға сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсібге

қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сынндарды сынды пайдаланады.
4. білім беру процесінің қатысушыларына жеке қолдау көрсетеді.

Әріптестерімен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:
- жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен байзалықты сақтайды;
- басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне қоғамдық алдында күмән келтірмейді.

Г. Измағамбетова (мүшесі): әр балаға, тәрбиеленушіге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол-ұстаз. Ұстаз бір баланы білім нәрімен сусындатып қоймай, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс.
Себебі, тәрбиеленуші ұстаздың біліміне ғана емес, аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.
Ұстаз мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, мейірім жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек.

Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейдеңіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз тәрбиеленушілерін әсем нәрімен сусындатып қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне септігін тигізеді.

Ата-аналармен, әріптестермен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес беремін.

Әдеп кеңесі балабақшадағы әріптестер мен қарым-қатынас жасауда педагог қызмет-керлер адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтауға балабақшаның қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылады.

Шешім: Әдеп кеңесінің төрайымының айтқан ақпаратына назар аудару.

Қаулы:

1. Жоспардағы іс-шаралар мерзіміне сай орындалсын, әдеп нормалары мен қағидаларының ережелері сақталсын;
2. „Педагог мәртебесі” заңнамасының барлық шарттары мен талаптары орындалсын, сақталсын.

Кеңес төрайымы: Р. Уткелбаева

хатшы: Қабиева

# Хаттама №2

27.11.2020 жыл Ойыл селосы

«Асанзи» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті, жоспарлы педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау;
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика;
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті;

С. Үткілбаева (кеңес төрайымы): Педагог – балабақшаның тұлғасы, айнасы. Сондықтан тәрбиеші педагогтар қандай кезде де, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстанғаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялауы керек. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желілерде педагогикалық этикаға сай емес педагог мамандарды көзіміз шалып қалады. Осындай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де озбай сөйлеу керек. Педагог әдептен назарындағы объектілер өзінің кәсіби болып табылатын адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін

құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі болуы керек. Ол баланың дамуын мұқиятпен қадағалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, тәрбиеленушіні бағалауда әділеттілік танытуы қажет. Білім беру процесін тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсетуге, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

М.Жүндібаева (кеңес мүшесі): Педагогикалық әдеп - педагог әрбір нақты жағдайда тәрбиеленушіге тәрбиелік жер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке тәрбиеленушінің жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. Педагогикалық әдебі нашар, қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаға деген сүйіспеншілігі нашар. т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың түсі күрделі - аса жақсыдан жаманға дейін, мейірінше төмендіктен болуы мүмкін. Әрбір тәрбиеші-педагог тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да мүмкін. Педагог тәрбиеленушіге бағалаты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның әдебі болуы мүмкін, бірақ тактикасы. Тәжірибесі

ай жетілмеген, ұғымдастыруы мен жүйе-
лілігі мүлдем жоқ болуы мүмкін.
Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтың мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.
О. Қапиева (кеңес мұғалімі): Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті туралы бірер пікір білдіргім келеді. Тыңдаушының қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз.
Педагогке керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шешендігі, яғни, кәсіби, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік. Жұмыс барысында педагогтың сөйлеуі, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін ұмытпаумыз керек. Сөйлеу мәдениетін игеру — болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу қатынасын

қалыптады. Осындай құзыреттілікті негіздеу - баланың педагог-мамандардың жеке шеберлігінің сипаттамасы. Қорыта келгенде педагог өзі білім мен тәрбие берудегі тәрбиеленушілер алдындағы жауапкершілігін сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған тәрбиеленушілерге қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді.

Қаулы:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын;
2. Педагог-тәрбиешінің педагогикалық әдебін сақтауда педагогтың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық-сауаттылық күні өткізілсін;
3. Жас мамандар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін;

Кеңес төрайымы: Утжебаева

Хатшы: Кабиева

Хаттама №3.

19.03.2021 жыл Өткен орны

"Асылым" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті педагогикалық әдеп кеңесі болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. "Әдептілікті өзімізден бастайық" баяндама
2. Педагогтардың құқықтары.
3. Педагогтардың көпшілік ортадағы этикалық нормалары.
4. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

С. Үтешбаева (кеңес төрайымы): Қош келдіңіздер. Бүгін міне, тағы бас қосып отырмыз.

Әдептілік өр гүл.

Адамдықтың белгісі... деп айтқандай әдепті болу деген сөздің мағынасы өте кең.

Әдеп - қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, орын ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатып отырады. Адамның бойынан әдептілік қасиет көрініп тұрса, ол парасатты, адамгершілікке мол екендігін көрсетеді. Әдептілік - адам бойында бола қоймайды. Ол бірнеше толғамдардан, бермеген ортаның, үйдегі тәрбие жемісі. Негізгі әдептілік

сөзімен басталады.
Сыйластық — izettiliктің белгісі. Ал izettiliктен туатын қағида — әдептілік. Ол адамдар бір-біріне мейірімді екендігін білдіреді. Ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік, ынтымақтастық, адалдық пен адамгершіліктің үлгісі болып табылады. Отбасының тірегі әке мен ана, ал қос шынарың атасы мен әжесі. Сондықтан да осы кісілердің әрбір ісі бала үшін өнеге, өсиет болуы қажет.
Ізгілік пен сыпайылық, әдептілік, әдемілік бәрін адам отбасынан алады. Сондықтан да осы кісілердің алатын орны ерекше. Әр бала отбасын сыйлауы — ол адамгершілік қасиет. Әке-шешеге шықпаған дауыс көтеруге, сөз қайтаруға болмайды. Ата-ананы ренжітпеу — әр баланың өмір бойғы парызы, яғни, отбасындағы тәрбие құдіреті осы. Жақсы-жаман болу міндет емес, жақсы адам болу борыш. Әдептілік — адам бойындағы жағымды қасиет. Әбу Насыр Әль-Фараби былай деген екен. „Әдептілік — әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы„
Жақсы әдет, жақсылық жасау бұл қай жерде болмасын — өнеге, өсиет. Мен қандай болуым керек? Адал, мейірімді, кішіпейіл, еңбекқор, сөзінде тұратын, иманды, нағыз адамшылық қасиетті жан болу.
Сондықтан да, біз бойымызға жақсы қасиеттерді жинап, жаман әдетті жоюымыз керек.
Адамның басыпы — ақыл, жетекшісі — талап,

қорғаны - сабыр, жолдасы - ақыл, Қорғайтын қорғаушысы - мінез, бәрін тәртіпке реттейтін әдептілік. Біздің халқымыз әркезде де, нақты сөзді „қазынам", „өнегем", „өрісім" деп таныған. Өйткені мағынасы, мәні бәрі өмірден алынған. Сонымен, өз ниетің түзу болса, жылы сөз айтсаң, біреуге жақсылық жасасаң қайтып келеді. Біз әрқашанда бір-бірімізге жылы сөз айтып, өзіміз де сондай жақсы сөздер естіп жүрейік. Адам әрдайымда бет бір-бірімізге жылы сөз айтып, өзіміз де сондай жақсы сөздер естіп жүрейік. Адам сұлулығымен емес, ішкі жан дүниесімен, әдептілігімен, мәдениеттілігімен әдемі. Ата-анаға керегі бірақ нәрсе, айтқызбаса болғаны „әдепсіз" деп. Жақсы жүрген жерде қадыр болады, Жақсылыққа ақтаратын жақында. Әдеп пен әдептілікті әрдайым сақтап жүрейік! Әдептілік тек өзімізден басталады деп айтқым келеді.

С. Жиндикужина (мүшесі): Халыққа білім беру ісін қайта құру сонымен бірге тәрбие жүйесін жаңа сатыға көтеру міндеттерін педагогсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуын жетілдірудің бағдарламаның міндеттерін шешу педагогтың кәсіби біліктілігіне, мәдениетіне, рухани кемелдігіне тікелей байланысты. Педагог адамды қалыптастыратын

адамды адам етіп тәрбиелейтін маман
иесі. Педагог, яғни, тәрбиеші қызметі өте
күрделі әрі көп салалы. Тәрбиеші баланың
жеке басының дамуын қалыптастыратын
білім берумен тәрбие және оқыту
процестерін басқарады. Сондықтан Тәрбиеші-
ден жан-жақты терең білім, кәсіби
шеберлік, адамгершілік, табандылық, ерік,
жігер, парасатты мінез-құлық талап етеді.
Педагогтың басқа маман иелерінен
айырмашылығы, айналадағы адамдармен
жан-жақты қарым-қатынас жасап
барлық күш-қуатын, білімін жұмсайды.
Еліміздің өсіп-өркендеуіне сай, заман
талабына жауап беретін, рухани адамгер-
шілік қасиеттерін қалыптастырған,
қоғамдық өмірге икемделген, біліммен
бірге өмір сүру мемлекет және отбасы
алдындағы жауапкершілікті сезінетін,
салауатты өмір салтын саналы түрде
таңдаған өркениетті елдің азаматын
тәрбиелеу біздің мақсатымыз. Осы орайда
педагог тәрбиешілерге құқықтарын игеруге,
білуге, тиімді пайдалануға кеңес беремін.
Ф. Капшева (мүшесі). Педагог тек
мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес,
сонымен қатар халық ағартушысы,
мәдени құндылықтардың сақтаушысы,
лайықты білімді адам. Педагог қоғам-
дастықтың барлық салаларында өзара
әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына
үлес қосуға тырысады. Педагог жеке
өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де

жанжалдан, керісуден аулақ болады. Ол проблемалардың кикілжіңдерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол олардың шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, қызметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болуы тиіс.

М. Жүндібаева (меңгерушісі): Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз жұмысын, қызметін Қазақстан Республикасының „Білім туралы" „Мұғалімнің мәртебесі туралы" заңдарын осы Ережеге, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық актілерге сәйкес жүзеге асырады және қолданады. Сонымен бірге қоғамдық пікір мен анықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауы қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде мұғалімнің құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы ақпарат алу, жазбаша қарастырылып

отырған іс бойынша барлық материалдарымен танысу, өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау, жазбаша шешім алу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

Қаулы:

1. Берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын;
2. Педагогтың кәсіптік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын қатаң сақталсын;
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

Кеңес төрайымы: Үткелбаева

Хатшы: ...обиева

Хаттама № 4

20.05.2021 жыл Ойыл селосы.

„Асанәлі" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті педагогикалық әдеп кеңесі болып өтті.

Жиын тәртібінде:
1. Педагог бейнесі.
2. Өзіндік өзін тәрбиелеу жолдары
3. Педагогтың әлеуметтік желіде, қоғамдық ортадағы этикалық талаптары.

С. Ұткелбаева (кеңес төрайымы): Қош келдіңіздер құрметті ұстаздар, педагогтар. Кеңесті бастаймыз. „Жақсы ұстаз болу - жүректің батырлығы", - дегендей, педагогикалық мамандық - қазіргі таңдағы ең белгілі мамандықтың бірі. Себебі еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі. Педагог - ол белгілі бір іскер ұстаным, белгілі бір әлемді танушылық. Педагогикалық мамандық өнер және жауапты - шығармашылық мамандық. Ол педагогикалық құбылыстағы жаңалықтарды да таба білуді, көзге көрінбейтін заңдылықтарды анықтауды, қадағалай білуді және қадағалай отырып маңыздысын ала білуді, педагогикалық фактілерді үздіксіз талап етеді.

Педагог алдынан бір-бірінен ұқсамайтын әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар мыңдаған шәкірт өтеді. Сондықтан, педагог жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға болуы қажет. Ол, педагогикалық, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар сол білімін күнделікті ісіне шебер пайдалана білетін болуы керек.

ынтасымыз, педагогтың жаңа ұрпағы білім деңгейі жағынан әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін, жаңа формацияның педагогы қажет", - деген.

Қазіргі педагог:

- педагогикалық үрдісте жүйелі жүйеге істей алатын;
- педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- білімен, алдындағы шәкіртімен тез ортақ тіл табыса алатын;
- білімді, шебер, іскер болуы тиіс;

Осы факторлардың барлығы педагогтың педагогикалық кәсіби шеберлігінің деңгейін жоғарылатуды талап етеді. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді - кәсіби құзыреттілігі жоғары педагог қана жүзеге асырмақ. Педагогтың бейнесі осылай бейнеленбек. Олай болса осы отырған педагогтарға шығармашылық табыс, педагогикалық биік шыңдарды бағындыруды тілеймін.

М. Жүндібаева (мүшесі): Өзін-өзі тәрбиелеу - әмір талабы. Тәрбиелену үшін, өзі жүрген ортаның деңгейінде болу үшін..., еңбектену, оқу, жаттығу, қажырлы-қайратты болуы қажет. Өзін-өзі тәрбиелеу оңайлықпен келмейді. Адам санасының оянуы, өзіне-өзі ұдайы есеп беруімен, өзін-өзі аңғара байқай алу қабілетінен көрінеді. Өзін өзінді түзендеуге тырысу білгілі мақсат қою - осы істегі бастапқы қадам.

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі жан мен тәнді шыңықтыруға, жаттықтыруға отыруды қалайды. Өзін-өзі тәрбиелеуде асқан төзімділік, шыдамдылық қажет етеді. Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігі шексіз және бұл кез келген педагогтың қолынан келетін нәрсе. Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеуі ісінде кәсіби-адамгершілік жағынан құнды құжаттардың бірі. Мұнда педагог пен ата-ананың көзіне түсе бермейтін адам өмірінің көптеген қыры мен сыры біленеді. Осы орайда ол өзінің мінез бітістерінің кем-кетігін, нақтылы іс-әрекетін, айналасымен қарым-қатынасын, нені көздейтіндігін, асыл арман, асқақ мақсаты көрінеді.

Г. Измағамбетова (мұғалі): Әлеуметтік желілердің пайда болғанына 10 жылдан асты. Алайда адамдар әдепсіздік танытып жатады. Әлеуметтік желідегі әлеуметтік желідегі әдеп жайлы үйлемейміз. Өз парақшаңызда біреумен бірге түскен суретті жариялау барысында досыңызды тіркемес бұрын рұқсат сұраңыз. Ол суретте өзін қабілетсіз деп таныса, өз лентасында көргісі келмейтіні рас. Сол себепті біреудің суретін салу мен біреуді суретте тіркемес бұрын міндетті түрде рұқсатын алыңыз. Достар қатарына адамдармен амандасып жүріңіз. Егер амандасқыңыз келмесе, ол қатарға

қаспаңыз.
Егер сізді әлеуметтік желіде достар қатарына қосса, оған әртүрлі себеппен тиіп, ойнап, мазақ қылудан аулақ болыңыз. Вконтакте-дегі дос шын өмірдегі дос сияқты сіздің абыройыңызды көтере бермейді. Әлеуметтік желіде адамдар бір-бірімен „сен" деуге дағдыланып кеткен. Тіпті" олар, жарнама таратушылардың өзі де „сізді" қойып, „сен" деуге көшкен. Жасы, жынысы, қоғамның атағына қарамастан, кез-келген адамға „сіз" деп сөйлеуіңіз керек екенін ұмытпаңыз. Екі жақты „сен" деуге келіскен кезде ғана, диалогтың жаңа деңгейіне көшуіңізге болады.
Біреумен кездесу, тілдесу барысында телефоныңыздың даусын не хабарлау функциясын өшіріп қойыңыз. Әрине, бір нәрсемен айналысу не бір адаммен сөйлесу барысында телефон „ызыңдап", хаттар келіп жатқанын тоқтаусыз хабарлап жатады. Бұл - заңдылық. Алайда, жиналыстың тәртібін бұзып, смартфонға кіріп кетіп, хаттарға жауап жазу - құрметтемеудің белгісі.

Ұсыныс:

1. Педагог беделіне кір келтірмеу, ағарту жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.
2. Өзін-өзі тәрбиелеуде ұжым ортасында ізденушілікпен жұмыстанып, орта, аура қалыптастыру жұмыстары жүргізілсін.

3. Қызметтік жиындарда педагогикалық әдеп нормалары қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы: С. Уткелбаева
Хатшы: А. Кабиева

## Хаттама №1

23.09.2022 Ойыл ауылы

„Асанкий" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті педагогикалық әдеп кеңесі болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру; Кеңес мүшелерін педагогикалық әдептің негізгі ережелерімен таныстыру;
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы мен хатшысын сайлау;

А. Бисебаева (меңгеруші): Әдеп жөніндегі кеңес педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелеріне қарайтын, білім беру ұйымдарында құрылатын алқалы орган болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеске педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының „Білім туралы", „Педагог мәртебесі туралы" Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**Педагогикалық әдеп кеңесінің**

**жұмыс жоспары**

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін:

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы»

МКҚК меңгерушісі: М.Сейтқалина

**Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

| Р/с | Мазмұны | Мерзімі | Өткізу түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен,әдеп жөніндегі кеңес қызметінің нормативтік құжаттарымен таныстыру. | Тамыз | Дөңгелек үстел |
| 2 | Білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту,педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу.<br><br>Сауалнама «Әдептілік-тәрбиенің діңгегі» | Қажеттілігіне қарай<br><br>қаңтар | Кеңес мүшелері |
| 3 | Әдеп жөніндегі Кеңестің атына берілген өтініштерді қарау | Өтініштердің келіп түсуіне қарай | Кеңес мүшелері |
| 4 | Әдеп жөніндегі Кеңестің кезектен тыс отырыстарын ұйымдастыру және өткізу (қажеттілігіне қарай).<br><br>Баяндама «Әдептіліктің бес белгісі» | Өтініштердің келіп түсуіне қарай | Кеңес мүшелері |

3. Қызметтік жиындарда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтамасын.

Кеңес төрағасы: С. Үткелбаева

Хатшысы: А. Қабиева

Хаттама №1

23.09.2022 Ойыл селосы

„Асанәлі "бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті педагогикалық әдеп кеңесі болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру; Кеңес мүшелерін педагогикалық әдептің Үлгілік ережелерімен таныстыру;
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы мен хатшысын сайлау;

А. Бисембаева (меңгеруші): Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын, білім беру ұйымдарында құрылатын алқалы орган болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеске педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының „Білім туралы", „Педагог мәртебесі туралы" Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады

және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

Педагогикалық әдептің бұзылуын бақылау, алдын алу және ескерту;

Білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік, психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуымен байланысты жанжалды жағдайларды реттеуге ықпал етеді.

Педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс құрастыру үшін қажетті жағдайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу.

Педагогикалық әдептің бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарастыру және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар әзірлеу.

Кеңес өз құзыреті шегінде: Өз отырыстарында педагогтер мен мәселелерді қарауға қатысты адамдарды тыңдайды.

Білім беру ұйымы алдында қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды, мәліметтерді сұратады. Олардан түсініктемелер алынады. Педагогикалық әдепті бұзу жайттарына тексеру жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныс енгізеді.

2. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайы-
мы мен хатшысын тағайындау
дәстүрлі әдепке айналған қағида.
Былтырғы, 2020-2021 оқу жылында сайланып
тағайындалған төрайым мен хатшы
сол күйінде өзгертілмесі қалуына
біраудан кейісінде және қайта
бекітейді. Атап айтсақ:
Г. Измағамбетова (кеңес мүшесі), А. Мусин,
М. Жүндібаева (кеңес мүшелер).
Кеңес төрайымы болып, С. Өтепбаева,
хатшысы болып А. Кабиева қайта
тағайындалды.
С. Утепбаева (зейнеткер ұстаз): Құрметті
ұстаздар, кеңес қатысушы педагогтар
педагогикалық әдеп кеңесінің
жұмысы өте анық және түсінікті
түрде анықтады деп ойлаймын.
Әрине, педагогикалық әдеп - бұл
педагогикалық іс-әрекет пен қарым-
қатынастың моральдық ашатын
қамтамасыз ететін педагогтың
мінез-құлқын нормаларынеке
ережелерінің жиынтығы. Әрине,
педагогикалық әдеп алдында
бірқатар өзекті мәселелер тұр.
Сіздерге сәттілік, педагогикалық
шеберлік, шыңдау тілеймін.

Қаулы.

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің
төрайымы мен, хатшысы
бекітілсін.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы

болып арналар уақытта С. Үткелбаева, хатшысы болып А. Бабиева тағайындалсын.

Кеңес төрайымы: С. Үткелбаева

Хатшы: А. Бабиева

Хаттама №2

13.01.2023 ж. Ойыл ауылы

„Ақжол" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезекті педагогикалық әдеп кеңесі болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары.
2. Негізгі педагогикалық әдеп кеңесінің қызметтері.

С. Үткелбаева (кеңес төрайымы): Оқу тәрбие процесінің сәтті өтуінің алғышартына педагогтың кәсіптік мәдениеті жатады. Педагог - білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға. Оның кәсіпқойлылығы мен адамгершілікті мәдениетінің даму деңгейі мен өсу саладағы, сондай-ақ жалпы қоғам дамуындағы көп-көлген жетістіктер айқындалады. Сондықтан педагогтің кәсіптік мәдениетінің деңгейі жоғары болуы тиіс.

Педагогтің кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдасына педагогикалық әдеп жатады, ол педагог білім алушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен арақатынас барысында басшылыққа алуы

тиіс нормативтік адамгершілік ұстанымдарды айқындайды.
Педагогикалық әдеп – бұл педагогтің педагогикалық қызметіне негізделген қарым-қатынас пен педагогикалық қызметіне негізделген педагогикалық адамгершілікті сипаттын кешенді жиынтық іс-әрекеті нормалары мен қағидаларының жиынтығы, педагогтің кәсіби адамгершілігі.
Педагогикалық әдеп педагогтар мен оқушылар арасында қарым-қатынас орнату кезінде адамгершілігі жоғары, өз абыройын ойлайтын адамды дамытуға көмектесетін адамгершілікті қағидаттарға сүйену керек. Бұл "Педагог мәртебесі туралы" ҚР Заңының 5 бабына сәйкес педагогтің әдеп заңдылық, адалдық, төзімділік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.
М. Жүндібаева (комиссия мүшесі):
"Педагог мәртебесі туралы" ҚР Заңының 16-бабына сәйкес педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі мен білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын негізінде білім беру ұйымы айқындайтын тәртіпте жүзеге асырылады.
Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Педагогті тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені педагогтің әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы ескеріле отырып, білім беру ұйымы басшысының актісімен қабылданады.

Г.Жұмағамбетова (кеңес мүшесі): Құрметті әріптестер бүгінгі басқосуда кездескеніме қуаныштымын.

Педагогтің әдепті сақтау туралы іс қаралған кезде педагогтің:

- іс туралы ақпаратты жазбаша алуға;
- іс бойынша барлық материалдармен танысуға;
- өз құқықтары мен заңды мүдделерін ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмеу керек деп айтылған.

Қаулы:

1. Педагогтің кәсіптік ізденісті жетілдірілсін;
2. „Педагог мәртебесі туралы" ҚР Заңына сүйене отырып „әдеп" заңдылықтары қадағалансын;

Кеңес төрайымы: Г. Медина

Хатшы: А. Кабиева